№ 07 (197)
ШІЛДЕ 2024 ЖЫЛ

# AIBYN

*Республикалық әскери-патриоттық журнал*

SARBAZ.KZ















## МАЗМҰНЫ:


**ТМД ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛЕРІ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫНЫ......................4**

**ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ КӨШПЕЛІ АЛҚА ОТЫРЫСЫ ......6**

**«БІРЛЕСТІК-2024» ӨҢІРЛІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ...............................8**

**«ВЕРШИНА БРАТСТВА-2024»: РЕШЕНИЕ ЗАДАЧ НА ВЫСОКОМ УРОВНЕ .................22**

**ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ ................................27**

**ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА САЛАСЫ ...............30**

**ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНА – БЕС ЖЫЛ ................................32**

**«ӘСКЕРИ АЛТЫН ҰЯ».............34**

**НЕСЛАБЫЙ ПОЛ......................36**

**КОРЕННОЙ ПЕРЕЛОМ .............38**
























# AYBIN

*Республикалық әскери-патриоттық журнал*

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР
Тимур Аубакиров
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Бахтиер Сұлтанұлы

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Фархат Кинжитаев
Алуа Искакова
Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР
Сымбат Нұрхайдарова
Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ
Журналда Думан Құрманғалиевтің фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЖ Медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30-сәурінде №5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 828 дана. Тапсырыс № 07

# ТМД ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛЕРІ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫНЫ



Шілде айының басында Беларусь астанасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер қорғаныс министрлері кеңесінің отырысы өтті.





Минскіде Әзербайжан, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан қорғаныс ведомстволарының басшылары, Достастық Министрлер Кеңесінің Бас хатшысы мен хатшысы жиналды.

Отырыс барысында көпжақты ынтымақтастық пен достастық форматындағы әскери мақсаттағы бірлескен (біріккен) жүйелерді дамытудың өзекті мәселелері талқыланды, 2025 жылға арналған бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілді. Отырысқа қатысушылар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің 2030 жылға дейінгі әскери ынтымақтастығын дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін мақұлдады.

Отырыс бірқатар маңызды құжаттарға қол қоюмен аяқталды.

Қорғаныс ведомстволары өкілдерінің кездесуі Беларусь елінің неміс-фашистік басқыншылардан азат етілуінің 80 жылдығымен және Тәуелсіздік күнімен тұспа-тұс келді.

Осыған орай республика сарайында салтанатты концерт, ал «Минск – батыр қала» ескерткішінің маңында әскери парад өтті. Іс-шараға Беларусь Президенті Александр Лукашенко қатысты. Аланда есептоптар қатарында Қазақстан Қарулы Күштері Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әскери қызметшілері де салтанатты маршпен жүріп өтті. Достастық елдерінің Қарулы Күштері контингенттеріне құрмет көрсетіліп, Ұлы Отан соғысының ұрыс даласынан оралмағандарды мәңгі есте сақтау үшін Жеңіс монументіне гүл шоқтары қойылды.

Тарихи оқиға аясында делегация басшылары Беларусь Республикасының неміс-фашистік басқыншылардан азат етілуінің 80 жылдығы мерейтойлық медалімен марапатталды. Оны Беларусь қорғаныс министрі генерал-лейтенант Виктор Хренин табыс етті.

Әскери делегациялар мүшелері Беларусь Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық кітапханасы мен Мемлекеттік тарих мұражайын да аралады.







**Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың басшылығымен Аягөз гарнизонында өткен алқа отырысында 2024 жылғы қысқы оқу кезеңінің қорытындысы шығарылды.**

# ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ КӨШПЕЛІ АЛҚА ОТЫРЫСЫ

Іс-шараға Қорғаныс министрлігі мен Бас штаб құрылымдық бөлімшелерінің, әскери жоғары оқу орындарының бастықтары, Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшылары, өңірлік қолбасшылықтар мен әскер тектерінің қолбасшылары қатысты. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға құрамалар мен әскери бөлімдердің командирлері, мекеме басшылары бейнеконференцбайланыс режимінде қосылды.

Алқа басталар алдында қорғаныс ведомствосының басшысы генерал-полковник Руслан Жақсылықов су тасқынына қарсы іс-шараларды өткізу кезінде ерекшеленген әскери қызметшілерге мемлекеттік наградалар табыс етті. Мемлекет басшысының Жарлығымен ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен Әскери-әуе күштері қолбасшысы басқармасының аға инспекторы полковник Қайрат Түгелов, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен подполковник Сәкен Шұғанов, майорлар Жәнібек Бекбаулиев, Асхат Сейілов және ефрейтор Асан Тілеубай марапатталды.

Қорғаныс министрі оларға сындарлы жағдайда көрсеткен батылдығы мен адалдығы үшін алғыс айтты.

– Су тасқыны жағдайын тұрақтандыруға 5 мыңнан астам әскери қызметші, 300-ден астам әскери техника мен армиялық авиацияның 18 бірлігі жұмылдырылды. Біз Президенттің тапсырмасы бойынша су тасқынымен күресуге өңірлерге қосымша күштер мен құралдар жібердік. Қиындықтарға қарамастан, олар қойылған міндеттерді абыроймен орындап шықты, - деп атап өтті Руслан Жақсылықов.

Отырыс барысында әскер өмірінің барлық мәселелері қаралды. Ең алдымен, Қарулы Күштердің басты міндеті жауынгерлік дайындықты қолдау, жеке құрамның жауынгерлік дағдылары мен басқару органдарының үйлесімділігін арттыру атап өтілді.





Әскери инфрақұрылымды жетілдіру шеңберінде құрылысы жеңіл конструкциялардан модульдік ғимараттар салу мүмкіндіктерін кеңейту бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл бюджет қаражатын үнемдеуге және объектілерді салу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Қорғаныс министрі Аягөз гарнизонында әскери инфрақұрылымды жақсарту бойынша атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Әскери тәртіп және әскери қызмет қауіпсіздігі мәселелері жеке қаралды. Бұрын осы бағытта тиісті жұмысты ұйымдастырмаған бірқатар командирлер мен олардың орынбасарларының атқаратын лауазымдарына сәйкестігі туралы мәселе қойылды.

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов жалпы қызметтің қорытындылары, жауынгерлік әзірліктің, жедел және жұмылдыру дайындығының жай-күйі туралы баяндады. Ол жедел дайындықтың негізгі күш-жігері жауынгерлік жұмысты ұйымдастыруда әскери белгіленген бағыт аясында командирлердің құқықтық тәртіпті сақтағаны үшін дербес жауапкершілігін күшейтуге басқару органдарының дағдыларын жетілдіруге, операциялардың әртүрлі түрлерінде бірлескен міндеттерді орындау кезінде ведомствоаралық және түраралық өзара іс-қимыл деңгейін арттыруға бағытталғанын атап өтті.

Жұмылдыру дайындығына қатысты Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары оның жалпымемлекеттік сипатына тоқталды.

– Әскери басқару органдары лауазымды адамдарының әскерлерді жұмылдыруды жоспарлаудағы дағдыларын жетілдіруге баса назар аударылды. Жұмылдыру дайындығы іс-шараларының қарқындылығы 60%-ға өсті. Есепті кезеңде барлығы 23 командалық-штабтық оқу-жаттығу мен жаттығу өткізілді, - деп қорытындылады генерал-лейтенант С.Қамалетдинов.

Алқа соңында Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов жазғы оқу кезеңіне міндеттер қойды. Онда белгіленген басымдықтардың ішінде әскерлердің дағдарыстық жағдайларға ден қоюға тұрақты дайындығын қамтамасыз ету, жұмылдыру өрістету міндеттерін шешу үшін ресурстарды дайындау және жинақтау, Қарулы Күштерді дамыту жөніндегі іс-шараларды жоспарлы орындау бар.

Халықаралық ынтымақтастық және әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде оқу-жаттығуларды сапалы дайындау және өткізу қажеттілігіне назар аударылды.





# «БІРЛЕСТІК-2024» ӨҢІРЛІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

«Бірлестік-2024» оқу-жаттығуына қатысу үшін төрт мемлекеттің әскери контингенттері Маңғыстау облысына келді. Яғни, Ақтау қаласының Әскери-теңіз базасының порты мен әскери әуеайлағында Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан және Тәжікстан әскери қызметшілерін салтанатты түрде қарсы алды.

Қатысушы елдердің әскери контингенттері әскери-көлік ұшақтарының бортымен жеткізілді. Жаттығуға қатысу үшін Әзербайжан елі күзетші және орта десанттық корабльдерін, ал Өзбекстан армия авиациясының тікұшақтарын жіберген болатын.

Әскери полигонда және Қаракия ауданындағы Тоқмақ мүйісінде әскерлердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және орнықтыру үшін шатырлы лагерьлер дайындалды.

Бұл орайда айта кетер жайт, Қорғаныс ведомствосының өкілдері басшылық штабының командалық пунктінде өткен брифингте «Бірлестік-2024» халықаралық жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуының ерекшеліктері туралы айтып берді. Шараға Қазақстан Қорғаныс министрлігінің және Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан әскери контингенттерінің өкілдері қатысты.



**Алдымен аталмыш халықаралық оқу-жаттығу жайында ақпарат бере кетейік. Мұнда оқу-жауынгерлік міндеттерді пысықтауға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның әскери контингенттері қатысады. Әскери маневрлер «Оймаша» полигонында, сондай-ақ Тоқмақ мүйісінен екі шақырым жердегі теңіз учаскесінде өтті.**

**8-17 шілде аралығында әскери контингенттер қарулы қақтығысты оқшаулау бойынша бірлескен операция дайындап, жүргізді.**

**Оқу-жаттығуға 4 мыңға жуық әскери қызметші және 700-дей қару-жарақ пен әскери техника жұмылдырылды. Тактикалық эпизодтар жердегі және әуедегі барлау топтарының, теңіз арнайы күштерінің, армиялық және майдандық авиация экипаждарының, әскери кемелер мен катерлердің, артиллериялық есептоптардың, шабуылдаушы және танк бөлімшелерінің қатысуымен өтті.**

**Оқу-жаттығу аясында сондай-ақ, мәдени-демалыс және спорттық іс-шаралар да ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, әскери-қолданбалы спорт түрлері, «Бағдар» тактикалық бағдарлау және армиялық тактикалық атыстар бойынша жарыстар өтті.**

ҚР Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары – Жедел жоспарлау департаментінің бастығы полковник Дәурен Манап оқу-жаттығуды өткізу тәртібімен және шетелдік әріптестерді аумақтың ерекшеліктерімен таныстырды.

Ол «Бірлестік-2024» оқу-жаттығуының мақсаты қазіргі заманғы қарулы қақтығыстардың тәжірибесін ескере отырып әзірленгенін атап өтті. Оқу-жауынгерлік міндеттерді пысықтау барысында әскери контингенттер бірлескен басқару жүйесін өрістету, жедел және тактикалық деңгейде іс-қимылдарды жоспарлауда тәжірибе жинайды. Оқу-жаттығу бөлімшелердің далалық, теңіздегі және әуедегі машықтарын арттыруға ықпал етеді.



Оқу-жаттығудың практикалық эпизодтарын делегация басшыларымен талқылау жоспарланған әскери маневрлер өтетін бүкіл сәтті көзбен қарауға мүмкіндік беретін бақылау мұнарасында өтті.

Одан өзге оқу-жаттығу басшысының орынбасарлары өз бағыттары бойынша оларды «Бағдар» жерлерді бағдарлау бойынша конкурстардың, армиялық тактикалық атыстың және басқа да жоспарланған спорттық іс-шаралардың шарттарымен таныстырды.

Кездесу барысында



әскери контингенттерді тамақтандыруға және тасымалдауға байланысты ұйымдастыру сәттері де қозғалды.

Будан кейін Маңғыстау облысында «Бірлестік-2024» халықаралық оқу-жаттығуы салтанатты жағдайда ашылды. Бұл рәсім Ақтау қаласының теңіз жағалауында өтті.

Іс-шараға Қазақстан Қарулы Күштерінің қолбасшылығы, жаттығуға қатысушы елдер делегацияларының басшылары, Ақтау гарнизонының әскери қызметшілері, ардагерлер, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Жағалауға жиналғандар Қазақстан мен Әзербайжан әскери кемелерінің теңіздегі сапын бақылай алды. Кеме палубаларында экипаждардың жеке құрамы салтанатты сап түзеді.

Ал амфитеатр алаңында жаттығуға қатысушы бес ел Қарулы Күштерінің өзге де бөлімшелері тапсырманы орындауға дайын екендіктерін көрсетті. Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның гимндері кезекпен орындалып, мемлекеттік тулары көтерілді.

Қорғаныс министрлігі басшылығының атынан қатысушыларды Қазақстан Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы





генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов «Бірлестік-2024» оқу-жаттығуының басталуымен құттықтады.

Ол біздің елдерімізді бір-біріне деген сеніміге негізделген тығыз әрі достық қарым-қатынастар байланыстыратынын атап өтті.

– Орталық Азия өңірінің төрт елі мен Әзербайжан Республикасы қарулы күштерінің әскери контингенттерін тарта отырып, мұндай оқу-жаттығу өткізу форматы алғаш рет қолданылып отыр. Бұл біздің мемлекеттеріміздің тату көршілік қатынастарды одан әрі кеңейтуге және нығайтуға, оның ішінде






қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету деген ұмтылысын айғақтайды, - деп атап өтті Министрдің бірінші орынбасары.

Генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов оқу-жаттығу әскерлердің әскери басқару органдарының үйлесімділік деңгейін арттыратынын және заңсыз қарулы құралымдарды жоюға арналған оқу-жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде қарулы күресті жүргізу тәсілдерін сынақтан өткізуге мүмкіндік беретініне тоқталды.

– Сіздерге оқу-жаттығуда табысқа жету үшін барынша тиімді өзара іс-қимыл тілеймін. Осындай іс-шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ортақ күш-жігерде пайдалы болатын құнды тәжірибе мен білім ала аласыздар, - деп түйіндеді ол өз сөзін.

Іс-шара оқу-жаттығуға қатысушы елдер әскери қызметшілерінің салтанатты шеруімен және ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы дайындаған концерттік бағдарламамен аяқталды.

«Бірлестік-2024» оқу-жаттығуының салтанатты ашылуынан кейін әскери контингенттер жауынгерлік әзірліктің жоғары деңгейіне келтірілді Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан әскери қызметшілерінің қатысуымен «Бірлестік-2024» халықаралық жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуының













негізгі кезеңі өтті.

«Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Бауыржан Артықов оқу-жаттығудың әскери басқару органдарына ҚР Қарулы Күштері Бас штабының жедел директивасын тапсыра отырып, жауынгерлік өкімнің мазмұнын жеткізді.

Жауынгерлік жұмыстар барысында командирдің шартты қарсыластың көзін жою туралы шешімі қабылданды.

Басқару пунктінің офицерлері жоспарлауды аяқтады. Әскерлерге практикалық көмек көрсетіп, олардың қойылған жауынгерлік тапсырманы орындауға дайындығын бақылау бойынша жұмыс жүргізілді. «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің штабы жаттығуға қатысушы мемлекеттердің әскери контингенттерімен бірлесіп, тапсырмаларды орындауға кірісіп кетті.

«Бірлестік-2024» жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы шеңберінде «Оймаша» полигонында жергілікті жерді бағдарлау бойынша әскери-спорттық жарыстар да өтті. Оған Қырғызстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Өзбекстан әскери қызметшілері қатысып, осы



тәртіппен жеребе нәтижесі бойынша сөреге шықты. Ойындар әділ өту үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі басшылығының шешімімен қазақстандық әскери қызметшілер байқаудан тыс қатысты.

– Жарыстың бірінші кезеңі азимуттар бойынша қозғалыс үшін деректер кестесін дайындау сапасы бойынша бағаланды. Екінші бағдар саны мен бағыттың бұрылыс пунктерінің өту жылдамдығы бойынша жүзеге асты. Бұл ретте әскери қызметшілер тек Адрианов компасын ғана пайдалана алды. Бағдардың өту уақыты бойынша қатысушылар екі сағатпен ғана шектелді, – деді «Бағдар» халықаралық байқауының бас төрешісі полковник Шаяхмет Әшіров.

Жарыс қатысушы командалар үшін бейтаныс жерде өткен болатын. Әр бағдардың ұзындығы бірдей, яғни 5 шақырымға дейін созылды.

Жарыс қорытындысы бойынша Қырғызстан командасы жеңімпаз атанды. Ал Өзбекстан екінші, Әзербайжан үшінші орындарды иеленді.

Координаттар бойынша картаға нүкте қоюдағы, дирекциялық бұрыштар мен арақашықтықтарды анықтаудағы үздік нәтиже үшін «Нақты бағдар» номинациясына Өзбекстан құрамасы ие болды. «Найзағай» номинациясы ең аз уақыт аралығында бағдардың ең көп бұрылыс нүктелері үшін Қырғызстан командасына берілді.

Сондай-ақ, Маңғыстау өңірінде Қазақстан Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген әріптестерін сеніп тапсырылған әскери бөлімшелердің оқу-жауынгерлік мүмкіндіктерімен және оқу-жаттығуды өткізу шарттарымен таныстырды.

Қорғаныс ведомстволарының басшылары алдымен Қазақстан Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштерінің зымыран-артиллериялық кемесінде болды. Онда делегация басшыларына кеменің жауынгерлік мүмкіндіктері мен орындайтын тапсырмалары туралы айтылды. Содан соң шетелдік қонақтар сүңгуір орталығына келді. Оқу-жаттығу кешенінде олар жауынгер жүзушілерді кәсіби дайындау барысында қолданылатын қару-жарақ пен техникалық құралдарды қарап шықты.

25744 әскери бөлімінде теңіз жаяу әскерлерін дайындау жүзеге асырылатын оқу









тренажерлері көрсетілді.

Шетелдік делегация басшылары «Оймаша» полигонында әскери қызметшілерді орналастыру және тамақтандыру жағдайымен танысты. Қару-жарақ пен әскери техниканы тексерген соң олар әскери атыс алаңына келді. Онда достық армиялары әскери қызметшілері тактикалық атыс элементтерін орындады. Жауынгерлер тапсырмаларды сәтті орындап, ату кезінде керемет шеберлік пен дәлдік көрсетті.

Сонымен қатар қорғаныс ведомстволарының басшылары «Батыс» жедел қолбасшылығы әскерлері біріккен тобының басқару пунктінде болып, оның мүмкіндіктерімен және оқу-жаттығудың жоспарымен танысты.

«Бірлестік-2024» оқу-жаттығуы аясында



түнгі уақытта қатысушы мемлекеттердің әскери контингенттері тактикалық іс-қимылдарды тәжірибе түрінде көрсетті. Әскерлердің біріккен іс-қимылын бақылау алаңынан Қазақстан Қорғаныс







министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов пен оның Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстаннан келген әріптестері бақылап отырды.

«Оймаша» полигонында өткен соғыс қимылдары театрында қатысушы елдердің әскери қызметшілері 17 тактикалық эпизоды пысықтады. Оның бәрі Халифат мемлекетін құруға ұмтылған заңсыз қарулы құрылымдарды тауып, олардың көзін жою жөніндегі бірыңғай оқу-жауынгерлік тапсырмаларға бағынды.

Арнайы операцияны сәтті жүзеге асыруда жер үсті және әуеден барлау қызметтері маңызды рөл атқарды. Бандалық құрылымдардың базаларын тапқаннан кейін, арнайы мақсаттағы топтар соққы беру үшін армиялық авиацияға координаттарды тапсырды. Сонымен қатар, алғы шептегі базалық аймақтарды, содырлардың позицияларын және олардың бағдары мен қозғалысын іздеуді жауынгерлік экипаждар, Wing Loong, Orbiter және Puma ұшқышсыз ұшатын аппараттарындағы барлау кешендері жүзеге асырды.

Бандалық құрылымдардың өрістеген жері артиллерияның күшімен жойылды. Жау позициясынан ұшырылған дрондар тобының шабуылына әскери қызметшілер





радиоэлектронды күрес құралдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, жылжымалы зенитті зымыран кешендерімен және зениттік қондырғылармен тойтарыс берді.

Заңсыз қарулы құрылымға барынша зиян келтіру мақсатымен әскерлер тобының біріккен бөлімшелері басқарылатын мина алаңдары мен артиллерия күштерін қолдана отырып, «от қапшығын» құру бойынша маневр жасай алды.

Жау артиллериясының атыс шабуылын тойтаруға танкке қарсы қол және станоктық гранатометпен, реактивті жаяу әскер отшашарымен, танкке қарсы зымыран кешендерімен және пулеметтермен жабдықталған ұтқыр топтар қатысты. Олардың туннельдер арқылы шегініс жасауы әскери контингенттер артиллериялық есептоптарының қолдауымен жүзеге асырылды.

«Сақ қорғаны» тактикалық тәсілін орындау кезінде танк экипаждары үйлесімді қимыл көрсетті. Шабуылға тойтарыс берудегі әдістің артықшылығы – танктердің аяқ астынан пайда болуы және шабуылдаушы жеңіліске ұшырауы.

Заңсыз қарулы құрылым топтарының сытылып кетуіне атыс шебінде орналасқан резервтік күштер кедергі келтірді. Операцияның сәттілігі алдын ала тиімді позицияға





иe болған тактикалық әуе десантын, сондай-ақ аралас авиациялық топтың соққыларын енгізу арқылы дамыды.

Ал, 17 шілде күні «Бірлестік-2024» халықаралық оқу-жаттығуының қорытындысы шығарылды. Яғни, Маңғыстау облысында «Бірлестік-2024» жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуының жабылу салтанаты өтті. Оған Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан делегацияларының басшылары мен әскери контингенттері қатысты.

Іс-шара Тоқмақ мүйісіндегі Каспий теңізінің қазақстандық секторында











практикалық іс-қимылдарды пысықтаумен аяқталды.

Оқу-жаттығу жоспары бойынша құрлықтың осы бөлігіне шоғырланған содырлар тобының қалдықтары айтарлықтай шығынға ұшырайды. Біріккен әскерлер тобының бөлімшелері барлау жүргізіп, минаға қарсы қамтамасыз ету, аралық базаны, құрлықтағы және теңіздегі содырларды жою жұмыстарын жүргізді. Операцияға әскери-теңіз десанты мен әуе десанттары, шабуылдау эшелондары, мобильді-атыс тобы қатысты. Олардың әрекеттері зымыран-артиллериялық кемелермен, артиллериямен, армиялық және майдандық авиациямен қолдау тапты.

Қатысушыларды оқу-жаттығудың аяқталуымен Қазақстан Қорғаныс министрі генерал-полковник











Руслан Жақсылықов құттықтады. Ол қарулы қақтығысты оқшаулау жөніндегі бірлескен операция басқару органдарының үйлесімділігін, жауынгерлік әзірлікті және әскери контингенттер бөлімшелерінің жедел үйлесімділігін жетілдіруге бағытталғанын атап өтті. Әскери қызметшілер бұл тапсырманы сәтті орындап, жауынгерлік жағдайдағы өзара іс-қимылдың оң тәжірибесін алды.

– Оқу-жаттығу жоспарын іске асыру барысы нақты жауынгерлік жағдайларға жақын модельденді. Қайта топтастыру және біріккен әскерлер тобын құру мәселелері пысықталды. Тактикалық эпизодтарды орындау кезінде әртүрлі қару-жарақ пен әскери техника қолданылды, авиация, әскери-теңіз күштерінің кемелері, артиллериялық есептоптар, әуе қорғанысының зениттік-зымырандық кешендері, броньды және инженерлік техника, ұшқышсыз ұшу аппараттары жұмылдырылды, - деп нақтылады Қазақстан қорғаныс ведомствосының басшысы.

Генерал-полковник Руслан Жақсылықов биыл құрлықта және теңізде өткізілген оқу-жаттығу тек ауқымымен ғана емес, сонымен қатар жеке құрамның кәсіби дайындық деңгейімен де ерекшеленетінін атап өтті.

– Қатысушы елдердің әскери контингенттері бір сапта жауынгерлік міндеттерді келісіп әрі шебер орындауға дайын екендіктерін дәлелдеді. Бірлескен оқу-жаттығу өз мақсатына қол жеткізді және қойылған міндеттер толық көлемде орындалды деп есептеймін, - деп қорытындылады ол.

Рәсім барысында Әзербайжан Қорғаныс министрі генерал-полковник Закир Гасанов, Қырғызстан Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Бақтыбек Бекболотов, Өзбекстан Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Баходир Құрбанов және Тәжікстан Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бірінші орынбасары генерал-майор Саидасрор Саид Абдуллозода сөз сөйледі. Оқу-жаттығуды ұйымдастырушыларға алғысын білдірген делегация басшылары оның дайындығының жоғары деңгейін атап өтті. Қатысушы елдер Қарулы Күштерінің ықтимал агрессиялық актілерді тойтаруға жауынгерлік әзірлігін нығайтуға қызмет ететініне сенім білдірді.

Оқу-жаттығу қорытындысы бойынша қатысушы елдер қорғаныс министрлерінің бұйрықтарымен бірқатар әскери қызметшілер халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін медальмен және естелік кәдесыйлармен марапатталды. Іс-шара әскери контингенттер легінің салтанатты шеруімен аяқталды.

Естеріңізге сала кетейік, бірлескен маневрлер «Оймаша» оқу полигонында, Қарақия ауданының Тоқмақ мүйісінде және Каспий теңізінің қазақстандық акваториясында өткізілді. Оған төрт мың әскери қызметші, 700-ге жуық қару-жарақ пен әскери техника жұмылдырылды.

**Әзірлеген Ерлібай Өзбекбайұлы**



# «ВЕРШИНА БРАТСТВА-2024»: РЕШЕНИЕ ЗАДАЧ НА ВЫСОКОМ УРОВНЕ

**Завершилось двухстороннее тактико-специальное учение «Вершина братства-2024», которое проводилось в Жетысуской области на учебном полигоне «Коктал» с 15 по 20 июля. В нем принимали участие свыше 350 военнослужащих Десантно-штурмовых войск Вооруженных Сил Казахстана и Сил специальных операций Вооруженных сил Беларуси.**

## ОТРАБОТКА РАЗВЕДЫВАТЕЛЬНЫХ ЗАДАЧ

В ходе учения казахстанские и белорусские десантники отработали разведывательные задачи. В течение полутора суток военнослужащие в полной экипировке в составе двух сводных подразделений прошли по траверсу в высокогорной местности. Такой способ передвижения с преодолением горных препятствий в новинку для белорусских военнослужащих.

– Выполнить эти задачи невозможно без полного взаимопонимания и взаимовыручки. В горах чувствуется особая атмосфера, тем более для тех, кто оказался здесь впервые. Мы повысили слаженность подразделений, набрались бесценного опыта, который будем передавать коллегам по возвращении домой в Беларусь, – делится командир сводной разведывательно-десантной группы с позывным «Минор».



На маршруте десантники отработали различные способы ведения разведки: поиск, засада и налет. Каждый из них имеет свои особенности. Поиск в горных



условиях заключается в осмотре местности, в том числе с использованием квадрокоптеров с целью обнаружения объектов условного противника. Здесь необходимо учесть все элементы рельефа и особенности складок. Для засады нужно выбрать барьерный участок местности в районе предполагаемого передвижения условного противника. Этот тактический прием проводится с использованием горного оборудования и снаряжения.

– Особое внимание уделялось вопросам маскировки, – продолжает свой рассказ разведчик с позывным «Минор». – Здесь мы столкнулись с горным рельефом и небольшим количеством растительности. Пришлось проявлять чудеса изобретательности и в этом нам помогали казахстанские братья. Наш отряд справился с задачей на «хорошо» и «отлично» именно потому, что условному противнику не удалось нас обнаружить ни при визуальном осмотре местности, ни с помощью беспилотников.





С учетом современных реалий и опыта вооруженных конфликтов без беспилотных летательных аппаратов и технических средств разведки сегодня не проводится ни одна операция. Они значительно повышают разведывательные возможности, обмен информацией между разведывательными органами и штабом командования. Именно поэтому не так давно в Десантно-штурмовых войсках Казахстана созданы





подразделения беспилотных авиационных систем и радиоэлектронной разведки.

Выполнение совместной задачи военнослужащими Казахстана и Беларуси продемонстрировало хороший уровень подготовленности десантно-разведывательных подразделений обеих стран, физической подготовки, стрессоустойчивости и боевого духа.

Слаженность подразделений наращивалась непосредственно в процессе учебы. Десантники обеих стран обсуждали варианты действий, принимали решение, отрабатывали элементы на месте и лишь после этого выдвигались для выполнения задачи.

Участники учений отмечают, что полученный опыт будет применяться в дальнейшей боевой работе. Новые приемы и способы ведения вооруженной борьбы в конфликтах различной интенсивности будут предложены для включения в программу боевой подготовки войск.

## «ЛИКВИДАЦИЯ» НЕЗАКОННОГО ВООРУЖЕННОГО ФОРМИРОВАНИЯ

Организовать засаду, захватить «языка», заполучить секретные документы и провести эвакуацию группы в пункт постоянной дислокации – с этой целью выдвинулись на горный перевал сводные разведывательные подразделения Казахстана и Беларуси.

При выполнении боевой задачи участниками учения «Вершина братства-2024» оценивались слаженность подразделений и умение командиров различных







степеней принимать решения.

За действиями подчиненных наблюдали командующий Десантно-штурмовыми войсками Вооруженных Сил Казахстана генерал-майор Алмаз Джумакеев и начальник штаба – первый заместитель командующего Сил специальных операций Вооруженных сил Беларуси полковник Александр Ильюкевич.

– Завершилась практическая часть двухстороннего тактико-специального учения в условиях горно-пустынной местности. Командный состав был на высоте. Об этом можно судить по слаженности подразделений







контингентов двух стран, действовавших как единый организм. Военнослужащие сводных отрядов также продемонстрировали высокий уровень физической подготовленности и взаимодействия, – подытожил руководитель учения генерал-майор Алмаз Джумакеев.

Полезным опытом с казахстанскими десантниками поделились инструкторы Сил специальных операций Вооруженных сил Беларуси. Спецназовцы провели занятия по тактической медицине в условиях прямого соприкосновения с противником.

Как отметил командующий Десантно-штурмовыми войсками Казахстана, все задачи, поставленные перед сводным контингентом, выполнены в полном объеме, цели достигнуты. Подобные учения между двумя странами планируется проводить каждый год. С учетом появления новых способов и средств вооруженной борьбы будут вноситься изменения, усложняться задачи, наращиваться объем знаний, навыков и опыта личного состава.

В торжественной церемонии закрытия учений отличившиеся в ходе маневров военнослужащие обеих стран были поощрены руководством грамотами и ценными подарками.









# ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ



**2000 ЖЫЛҒЫ АЛТЫНШЫ ШІЛДЕ – ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕСАНТШЫ ҮШІН АЙТУЛЫ КҮН. БҰЛ КҮНІ ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ – ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫСЫ 35-ШІ ГВАРДИЯ БРИГАДАСЫНДА МОБИЛЬДІ КҮШТЕР ҚҰРУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ, КЕЙІН ОЛАР АЭРОҰТҚЫР ӘСКЕРЛЕРІ БОЛЫП ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ.**

2017 жылы Десанттық-шабуылдау әскерлері болып аталып, қайта жасақталды. Ал 2022 жылдың соңында олар Құрлық әскерлерінің құрамынан шығарылды. Жеке құрама ретінде олар ел Қарулы Күштерінің Бас штаб бастығына тапсырылды.

Бүгінде генерал-майор Алмаз Жұмакеев басқарған Десанттық-шабуылдау әскерлері қарқынды дамып келеді. Өткен жылы олардың құрылымында маңызды өзгерістер болды. Жеке құрам саны 40%-ға артты, әскери бөлімдер мен құрамалар штаттарына тау роталары, ұшқышсыз басқарылатын авиациялық жүйелер роталары, радиоэлектронды барлау бөлімшелері және басқа да жаңа бөлімшелер кірді.

Әскерлердің тұрақты жауынгерлік дайындығын сақтауға бағытталған жауынгерлік даярлықтың қарқындылығы айтарлықтай өсті. Осыған байланысты бөлімшелерді, әскер тектері мен қызмет бастықтарын оқытудың барлық бағдарламалары қайта пысықталды.

2023 жылы әскерлерде 7 мыңға жуық маман даярланды, 6 мыңнан астам парашютпен секіру, 21 тоннадан астам жүктерді десанттау орындалды, 70 роталық және батальондық тактикалық жаттығулар өткізілді, бөлімшелер мен взводтардың 600-ден астам жауынгерлік атыстары, олардың 200-і түнде өтті, десантшылар 500-ге жуық рет далалық және жаяу жорықтарға шықты.

Көк беретті жауынгерлер өздерінің жоғары кәсіби
















шеберліктерін республикалық, ведомствоаралық және халықаралық оқу-жаттығулар барысында бірнеше мәрте дәлелдеді. Биылғы жылы ғана әскери қызметшілер Түркия Республикасындағы «Эфес» көпұлтты командалық-штабтық оқу-жаттығуына, Тәжікстанда өткен «Ирбис-2024» оқу-жаттығуына, Беларусьтегі парашют спорты және «Даңқ пен шеберлік» кәсіби сынақтары бойынша халықаралық чемпионатқа қатысып, бес қазақстандық десантшы үздік белгісіне лайық деп танылды.

